

8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы Иманкулова Ляйля Болаткуловнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері мәселесін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсеткен. Жоғарыда көрсетілген мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапты, атап айтсақ:</p> <p>Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Ғылым туралы Заңы, Педагогтің кәсіби стандарты, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Елбасы Н.А.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-әуқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа жолдауында «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылады» деп атап өтілген</p>

		<p>болатын, ендеше бұл талаптарды орындау үшін оқыту үдерісін зерттеушілік форматта ұйымдастыру керек. Олай болса, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының бойына зерттеушілік функциясы қалыптасқан педагог даярлау басты талаптардың бірі болып табылады.</p> <p>Аталған талаптар білім берудің нормативтік құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен басым бағыттар болғандықтан «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі тереңдете түсетіні хақ. Ендеше аталған мәселеге бойланысты Л.Б.Иманкулованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); <u>2) Диссертация басқа мемлекеттік</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес Б-16-10-14-Болашақ педагогтарды 12 жылдық білім беру жүйесіне кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері бағыты аясында «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік</p>

		<p><u>бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында орындалған. Зерттеу жұмысын жүзеге асыру жылдары 2017-2021жж.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, кәсіптік білім беру жүйесіндегі маңыздылығымен айқындалды. Атап айтсақ: Біріншіден, кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды даярлауда зерттеушілік функциясын қалыптастыру мәселесін әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу арқылы ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығын ашады;</p> <p>Екіншіден, кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық моделін құрып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру</p>

		<p>барысында зерттеу үдерісінің кезендері мен зерттеушілік іскерліктің қалыптасу кезендерін көрсете отырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясының қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасын (базалық, өнімдік, креативті) ашқандығы ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығын ашады;</p> <p>Үшіншіден, кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын ұсынуы ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығын ашады;</p> <p>Төртіншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін аша отырып, интербелсенді әдістердің бірі, кейс технологиясын пайдалана отырып, құрастырылған тапсырмалар да ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығын ашады;</p> <p>Бесіншіден, зерттеу жұмысының өнімі ретінде кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру барысында болашақ педагогтарға арналған «Кәсіби білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеу негіздері», «Студенттердің зерттеушілік</p>
--	--	--

			<p>функциясын арттыру» атты электрондық оқу құралы, «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеулер» элективті курсының әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығын аша түседі.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Докторант Л.Б.Иманкулова диссертациялық жұмысты жазуда өзіндік жазу принциптерін ұстанған. Сонымен қатар зерттеу жұмысында ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, өзіндік интерпретация бере білген. Жазылған ақпараттар талдаудан өтіп, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> <u>2) жартылай негізделген;</u> <u>3) негізделмеген.</u></p>	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі: зерттеушілік функциясы қалыптасқан кәсіптік оқыту педагогтарына қоғам сұранысының қажеттілігі және бітіруші кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясының жеткілікті деңгейде қалыптаспауы арасында; болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың жоғары білім беру үдерісіндегі маңыздылығы және табысты кәсіби әрекетке қажетті зерттеушілік функцияның кәсіби құндылық екендігін толық негізделмеуі арасында; болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік</p>

			<p>функциясын қалыптастыру қажеттілігін педагогикалық қауымның мойындауы мен оның ғылыми-педагогикалық негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және әдістемелік жүйенің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасындағы қайшылықтарды шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелеріне негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, екі бөлімнен, әр бөлім төрт параграфтан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Аталмыш диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелдеумен диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың</p>

		<p>әдіснамалық-теориялық негіздерін айқындаумен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық моделін дайындаумен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаумен, ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасаумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың екі бөлімі мен құрылысы яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер</p>	<p>Зерттеу барысында «Болашақ кәсіптік оқыту</p>

		<p>(қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u> <u>2) талдау жартылай жүргізілген;</u> <u>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</u></p>	<p>педагогтарының зерттеушілік функциясы» және «зерттеу құзыреттілігі», «педагогтың зерттеу функциясы», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған; сонымен қатар, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеу функциясы тұлғаға бағытталған, акмеологиялық, аксиологиялық, квалиметриялық, мәдениеттану, синергетикалық, жүйелілік, іс-әрекеттік, тұтастылық және құзыреттілік ұстанымдар кешенінде жүйелеп, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда, әдістеменің тиімділігін тәжірибелік – эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> <u>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Докторант Л.Б.Иманкулованың диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілген. Олар:</p> <p>Біріншіден, ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты болашақ</p>

		<p>кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда зерделену дәрежесі анықталып, кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру анықтамасы берілгендіктен толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екіншіден, ғылыми нәтижеге жетуде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің құрылуы екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшіншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын ұсынуы нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел болады.</p> <p>Төртіншіден, ғылыми нәтиже ретінде тәжірибелік – эксперимент жұмысын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісімен жүзеге асыруы мазмұны мен нәтижелері толығымен жаңа деп есептейміз.</p>	<p>кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда зерделену дәрежесі анықталып, кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру анықтамасы берілгендіктен толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екіншіден, ғылыми нәтижеге жетуде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің құрылуы екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшіншіден, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын ұсынуы нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел болады.</p> <p>Төртіншіден, ғылыми нәтиже ретінде тәжірибелік – эксперимент жұмысын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісімен жүзеге асыруы мазмұны мен нәтижелері толығымен жаңа деп есептейміз.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> <u>3) жаңа емес (25%</u></p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Л.Б.Иманкулова болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін зерделеуі ғылыми педагогикалық-психологиялық</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Л.Б.Иманкулова болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін зерделеуі ғылыми педагогикалық-психологиялық</p>

		<p>кем жаңа болып табылады)</p>	<p>еңбектерді сараптап талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуімен және тұжырымды қорытынды жасай алғандығы үшін толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Бірінші бөлім бойынша қорытындыға келер болсақ, кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясы – кәсіби білім берудегі өзекті проблемаларды шешудегі құзыреттілігімен, оқу-тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді әдістемелерін таңдаумен, оның мазмұнын, қағидаттары мен ұйымдастыру формаларын жаңарту негізінде ғылыми-зерттеу үдерістерін басқаруда саналы шешімдерді қабылдауымен сипатталған. Сонымен қатар, Қазақстандық үлгіде кәсіптік оқыту педагогтарының еңбек қызметінде <i>«зерттеушілік функциясына</i> – білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу, білім ортасын зерттеу, зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық әрекетті орындау» қажеттілігін ашып көрсетіп, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық моделі ұсынылғандығы толығымен жаңа.</p> <p>Екінші бөлім бойынша, болашақ кәсіптік оқыту педагогтары нақты сала бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде,</p>
--	--	---------------------------------	---

		<p>ғылыми-өндірістік жаңалықтарды, өндірістегі жаңа материалдар мен жаңа технологиялық үдерістер туралы өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынтасын арттыру қажеттігін тұжырымдаған. Әсіресе, оқу үдерісінде, нақты пәндер немесе курстық, дипломдық жұмыстарды орындауда ғылым мен техника, ғылыми-өндірістік жаңалықтар бойынша зерттеулер жүргізуге бағыттап, игерілген білім мен іскерліктер нәтижесінде шығармашалық шешімдерін өндірістегі инновациялық іс-әрекетте ұштастыратындығын тұжырымдаған. Сондай-ақ зерттеу мақсаттарына сәйкес эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру арқылы болашақ педагогтардың зерттеушілік функциясының қалыптастыруға арналған жұмыстардың тиімділігін тексеру нәтижесінде, тәжірибелік-эксперименттік зерттеуді ұйымдастырудың басты шарттарын ұсынып, анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы эксперименттері жоспарланған бағыттар бойынша жүзеге асырылып, зерттеудің қорытындысы математикалық статистика әдістерінің көмегімен эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің нәтижелерін ұсынғандығы толығымен жаңа болып табылады.</p>
--	--	---

			<p>Л.Б.Иманкулованың диссертациялық жұмысындағы «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеулер» элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені және «Кәсіби білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеу негіздері», «Студенттердің зерттеушілік функциясын арттыру» атты электрондық оқу құралдарының мазмұнын дайындау толығымен жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> <u>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Докторанттың ұсынған болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-теориялық тәжірибелік негізі жаңа және негізделген болып табылады. Диссертация жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми әдістемелік еңбектер әзірленген және оқу үдерісіне енгізілген. Атап айтсақ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттерде берілген актілер мен анықтамаларды атауға болады. Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми</p>

			жарияланымдар мен ендіру актілерімен негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 24 ғылыми еңбекте жарық көрген. Оның 4-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала SciVerse Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 12 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақтарында, шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияда -3, 1 мақала шетелдік ғылыми журналда, 2-электронды оқу құралы авторлық құқықпен қорғалған объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлікке ие.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Докторант Л.Б.Иманкулованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p>

		<p><u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, - Болашақ кәсіптік оқыту педагогының ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктері //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. №2(123)/2018 ISSN 2616-68. Астана,2018. 78-83б. -Научно-исследовательские способности учащихся, как категориальное понятие и фактор личностного развития // Абай атындағы ҚҰПУ, Хабаршы. - №2 (58), Алматы, 2018. Б.236-241 - Дидактические условия формирования научно-исследовательских способностей учащихся на уроках художественного труда // Международный научно-популярный журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі – наука и жизнь казахстана» № 1 (73) 2019 С.170-174. - Болашақ мамандардың ғылыми зерттеушілік функциясы арқылы жобалаушылық даярлығын жетілдіру // Абай атындағы ҚҰПУ, Хабаршы. – №4(64), Алматы, 2019. Б. 236-241. дәлелденген.</p>
--	--	---	---

			<p>SciVerse Scopus базасына енген шетелдік басылымында: «Case technology in the process of management of student's scientific-research activity».</p> <p>Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment, Volume 8, No. 3, 2020, Canada P.298-306,</p> <p>Formation of Future Teachers Professional Competence on the Bases of Modern Technologies. REVIEW OF INTERNATIONAL GEOGRAPHICAL EDUCATION ISSN: 2146-0353</p> <p>● © RIGEO ● 11(5), SPRING, 2021, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда жарияланған мақалалармен, электрондық оқу құралдарында дәлелденген.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>Докторант Л.Б.Иманкулованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарды басшылыққа алған.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграмма, кейстік тапсырмалар құрастырылған; тәжірибелік – эксперименттік жұмыстар математикалық-статистикалық және фишер әдістерімен, SPSS статистикалық қолданбалы бағдарлама пакетімен өңделіп орындалған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Л.Б.Иманкулованың «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына қатысты психологиялық-педагогикалық еңбектер, ҚРБЖҒМ ресми құжаттары, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалуымен расталған. Докторанттың эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына 138 студент оның ішінде эксперименталды ТОП 71 студент, бақылау тобы 67 студент қатысқандығы педагогикалық эксперимент</p>

		<p>негізінде дәлелденді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқада ғылыми басылымдарда жарияланған. Атап айтсақ: Scientific and methodological support of experimental work on the formation of the research functions of future teachers //V:ICITE. 2018.Shymkent.SKSU P.200-206.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы әдебиеттерге, атап айтсақ: ҚР нормативтік - құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға жасалған сілтемелерімен расталған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 253 еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Докторант алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын болып табылады.</p>

9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның практикалық құндылық принципіне келетін болсақ, теориялық тұрғыда маңызды болып табылады. Оның дәлелі, атап айтқанда: - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалған;</p> <p>- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық моделі жасалған;</p> <p>- ЖОО болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың педагогикалық шарттары ұсынылған;</p> <p>- оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалынып, тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеріліп дәлелденген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы: диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері және әзірленген жүйелілік тұғырдың әдістері кәсіптік білім беруде қолдануға болады; теориялық және әдістемелік нұсқауларды білім алушылардың зерттеушілік функциясын қалыптастыруда жүйелілік ойлау мен синтездеумен қатар зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруда да қолдануға болады; зерттеу жұмысы мен эксперимент нәтижелері жоғары оқу орны</p>

		<p>үдерісінде зерттеушілік функцияны, зерттеушілік іскерлік пен дағдыны, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда пайдалануға болады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік, оқу құралдары мен электрондық оқу құралдары жасалынып оқу үдерісіне ендірілген және ендіру актісімен расталған.</p>	
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> <u>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруға арналған «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеулер» пәнінің оқу-әдістемелік кешені мен «Кәсіби білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеу негіздері», «Студенттердің зерттеушілік функциясын арттыру» электронды оқу құралдарын оқу үдерісіне ендіруі толықтай жаңа болып табылады;</p> <p>2) Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі бойынша</p>

			<p>ұсынылған кейстік тапсырмалар толығымен жаңа; 3) Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби дайындау мәселелері бағытындағы жаңа зерттеулер жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім: 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Иманкулова Ляйля Болаткуловнаға философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, «Кәсіптік білім беру» кафедрасының меңгерушісі

М.Д.Есекешова

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент М.Д.Есекешованың қолын растаймын.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғалым хатшысы

Г.Деріпсалдина

